

аралықты алып жатты. Бату әкесінен гөрі, атасы Шыңғысхандай қаһарлы еді. Халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады.

Бату хан орнатқан саяси режим экономикалық ахуалдың жақсаруына ғана емес, Алтын Ордадағы этносаралық татулықтың сақталуына һәм діни төзімділіктің нығая түсуіне тұғыр болды. Мысалы, тарихшы В.Егоровтың айтуына қарағанда, Сарай – Бату қаласында біруақытта моңғолдар, қыпшақтар, асылар, черкестер, орыстар, византиялықтар қатар тату өмір сүрген. Сондай – ақ, алғашқыда Жошы ұлысы билеушілерінің белгілі – бір діни сенімге қолдау білдірмей, бейтарап ұстанымда болуы, Алтын Орда құрамындағы діни конфессиялар арасында төзімділіктің қалыптасуына игі ықпал етті. Тегінде, Алтын Орданы құрған көшпелі халықтың діни наным – сенімі бір текті болған емес. Олар тәңіршілдік пен несториандықты, православ және ислам дінін ұстанатын. Тіпті, Кавказды мекендейтін хазарлар иуда сенімінде еді. Осылай бола – тұра: «... татарлар қай кезде де болмасын өздерінің діндерге деген төзімділігімен ерекшеленетін», – деп Ш.Монтескье айтпақшы, Бату хан билік құрған тұста Алтын Орда мемлекетінде конфессияаралық толеранттылық орнады. Алтын Орда империясы христиан дініндегі славяндық, тәңіршілдікке негізделген көшпелі түркілік, Әмудария алқабында парсылық, иудалық сипаттағы хазарлық мәдениеттерді тоғыстырған жаңа саясимәдени платформа еді. Яғни, Жошы ұлысындағы діни еркіндік Шығыс пен Батыстың өзара бейбіт түрде рухани һәм мәдени пікір алмасу үдерісіне жол ашты [3].

Көзінің тірісінде – ақ «Сайын хан» (қайырымды, әділетті) деп аталып, халықтың ерекше құрметіне бөленген Бату хан 1256 жылы науқастан қайтыс болды. Оның билігі тұсында Қытай қорғанынан шыққан сауда керуені сонау Еуропаға дейін ешбір қиындық көрмей, діттеген жеріне қауіпсіз аман – есен жете алатын. Плано Карпинидің айтуына қарағанда, Бату ханның кезінде мұсылмандар Сарай Батуда мешіт – медресе тұрғызған. Яғни, Алтын Ордада мұсылмандардың өз ғұрып-рәсімдерімен өмір сүруіне толық мүмкіндік қарастырылды. Джузжанидің дерегіне, Бату хан Алтын Орда империясын Шыңғыс ханның «Ұлы Иаса» заңымен басқарса да, жасырын түрде Ислам дінін қабылдаған көрінеді. Бату ханның мұсылман болған, болмағаны бір Аллаға аян. Дегенмен, Ислам тыныштықта өркен жаятын дін. Ал, осыған мол мүмкіндік тудырған һәм Алтын Орданы гүлдендірген «Сайын хан» сөз жоқ – ұлы билеуші![4].

Қорытындылай келсек, Батуды Шыңғыс хан құрған ұлы державаны әлемге танытушы, әке ізін жалғастырушы, тарихта өзіндік қайталанбас орыны бар, дарынды қолбасшы ретінде тани білүміз қажет. Оның 19 жыл билік құрған кезінде мемлекет аумағы біршама кеңейді, мемлекеттің өзіндік басқару жүйесі қалыптасты, мәдениет өркендеген, қала саны көбейген. Батудың тарихта Жошы ордасын кеңейтіп, моңғол билігін Еуропаға мойындатып, бас игізген ұлы қолбасшы ретінде алтын әріппен есімі жазылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанов Т. Алтын орда. – Санкт – Петербург, 2003 Қаңтар Ғылыми көпшілік басылымы, 172 б.
2. Бегалин Қ. Алтын Орда хандары. – Алматы: «Адамдар» ЖШС, 2007. – 272б.
3. Омарбеков Т. «Бату хан билеген Жошы ұлысы», Ана тілі газеті ., 7 Шілде – 2011 ж.
4. Исахан М. Бату ханға неге «Сайын хан» лақабы берілген? // <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/batu-hanga-nege-saiyn-han-laqaby-berilgen-232/#gsc.tab=0>

**Құрманғали Ә.Б.**, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, АЭО-25, студент.

*(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, тарих магистрі Смағұлов Н.Б. )*

## **1269-1428 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ДАМУЫ**

Жошы хан 1180-1227 жылдар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға. Дарынды қолбасшы, жеңімпаз стратег Жошы хан 1200-1227 жылдар аралығында Шыңғысханның жорықтарында жеке дара қол бастап ірі әскери соғыс науқандарында табысты жеңістерге жетіп жүрді. Ол 1207-1208 жылдары Сібір халықтарына қарсы жорық пен 1215 жылы Қытайға қарсы соғыс науқанында және 1219-1220 жылдардағы әйгілі Хорезм шах империясына қарсы шешуші шайқастарда өзінің ерекше қолбасшылық қабілеттілігі мен көрегендігін, әскери айла-тәсілдерін ұтымды пайдаланғандығы үшін әкесі Шыңғысханның сеніміне кіреді. Шыңғысхан көзі

тірісінде төрт ұлына үлеске жер бөлгенде үлкен ұлы Жошыға ерекше сенім білдіріп, «Ертіс өзенінен бастап батысқа қарай, көшпелі ұлыс жауынгерлерінің атының тұяғы жетер жерлерге яғни, ақырғы теңізге дейінгі аймақты береді». Парсы тарихшысы Ата Мәлік Жувейни 1260 жылы жазған «Әлемді бағындырушының тарихы» деген еңбегінде «Жошы шөбі шүйгін, шабындық жері мол, суы бал, ерекше өлкені көрді», – дейді. Ол жер бүгінгі қазақ жері болуы мүмкін. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы хан негізін қалаған Алтын Ордаға – 750 жыл толды.

Осы ұлы даланы Шыңғысхан баласы Жошы ханға және оның әулеттеріне берді. Сол себепті, «Жошы алған», «Жошының есесіне тиген» деген мағынада, бұл жерлердің халқы «Жошы ұлысы» деп аталып кетті. Жошы хан батыл, қайратты, батыр, сабырлы және жомарт, қайырымды, кішіпейіл адам еді. Шыңғыс ханның бүкіл майданындағы соғыс қимылын басқаратын. Сүбідейдің жеңімпаздығы мен батырлығы Жошы белгілеген жобаны бұлжытпай жүзеге асырып отыруына тікелей байланысты болатын. Кейбір тарихшылар қыпшақ және жалпы солтүстік түріктермен соғысқанда, Жошы Шыңғыс ханна рұқсат алмаған еді деп әңгімелейді. Шыңғыс хан Қарақорым қаласына қайтарда және қайып барғаннан кейін де Дешті-Қыпшақ министрілігіне адам жіберіп, Жошы ханды Қарақорымға келуге шақырады. Бірақ ол өзінің денсаулығының нашарлығы себепті бара алмайтындығын айтып, хабар жібереді. Әбілғазы «Түрік шежіресі» атты кітабында: «Жошы хан Қарақорым қаласына барды. Шыңғыс ханда ұлымен көрісіп, разы болды. Содан соң тағы Отаны Дешті-Қыпшаққа қайтқан соң, көп уақыт өтпей Жошы хан қайтыс болады» [2, 16 б.] – дейді.

1227 жылы Жошы хан қайтыс болған соң ұлдары Орда Ежен мен Бату хандар мұрагерлік дәстүрмен әкесінің ұлысын басқарып қалады. Жошы ұлысының хандары бастапқыда Қарақорымдағы Ұлы ханға ресми тәуелді болып саналады. Бірақ 1259 жылы Ұлы хан Мөңке қайтыс болған соң, Шыңғысханның кіші ұлы Төленің ұлдары Құбылай мен Арық-бұғы арасында билік үшін күрес басталып кетті. Ұзаққа созылған соғыс қимылдарынан Жетісу жері зор бүліншілікке ұшырады. Осы кезде Үгедейдің немересі, жауынгерлік даңқымен аты шығып, қолбасшылардың арасында ерекше беделге ие болған Қайду хан 1269 жылы Талас Құрылтайын шақырады. Құрылтайдың мақсаты – Шыңғысхан құрған ұлы мемлекеттің өзара алауыздығына және бір-бірімен қырқысуға жол бермеу еді.

Сонымен, 1269 жылы Талас Құрылтайында Шыңғысханның ержүрек ұрпақтары өзара келісіп, бұдан былай империяға қарап келген ұлыстардың өз алдына жеке бөлініп мемлекет болатынына пәтуаласады. Осыдан бастап, 1269 жылы жеке дербес мемлекет болып бөлініп шыққан Алтын Орда хандығы шығыс деректерінде «Жошы Ұлысы» деп аталады. Алтын Орда хандығы Бату, Берке, Менгу-Темір, Тоқта, Өзбек, Жәнібек хандар заманында күш-қуаты кемелденіп, мұсылмандық Шығыс пен Жерорта теңізі аралығындағы барша халыққа Ұлы Даланың құдіретін мойындатқан қуатты мемлекет болды.

Алтын Орданың тарихы бірнеше ғасырдан бері зерттеліп келеді. Ал, бұл мақала қазіргі кезде тарих ғылымына кең таралған тарихи материалдарға сүйене отырып, қазақ тарихында үлкен тарихи кезеңдердің бірі Алтын Орданың қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайын ашып көрсетуге арналған. Алтын Орда – қазақ халқының мемлекет құру тарихына мен мемлекетшілдік дәстүріне көптеген өзгерістерді алып келді. XVIII ғасырдың өзінде тарихшыларының еңбектерінде сөз болған Алтын Орданың жағдайы барлық қармағындағы және көршілес елдерге ықпалы орасан еді.

1845 жылы зерттеуші Г.С. Саблуковтың «Қыпшақ патшалығының ішкі жай күйінің очеркі» [3] деген еңбегі шыққаннан кейін Алтын Орданың ішкі құрылысы зерттеле бастады. Оның еңбегі бүгінде де біршама назар аударарлық. Г.С. Саблуковтың еңбегінен соң бес жыл өткеннен кейін белгілі шығыстанушы И.Н. Березиннің «Алтын Орданың ішкі құрылысы» [4] деген, қысқа болғанымен нұсқа мақаласы шығып, онда автор зерттеушілер бұрын пайдаланбаған жаңа материал – хан жарлықтарын алғаш рет зерттеді. Жошы ұлысының қоғамдық һәм саяси құрылысының мәселелері кейінде И.Н. Березиннің 1864 жылы «Жошы ұлысының ішкі құрылысының ішкі құрылысының очеркі» [5] деген атпен жарияланған диссертациясының пәні болды. Автор диссертациясында Алтын Орданың саяси һәм әкімшілік құрылысын шолып шықты. Шығыс тарихшыларының материалдарын пайдалана отырып, ол өзінің ертеректегі «Алтын Орданың ішкі құрылысы» [6] деген еңбегінде біраз түзетулер енгізді. Либерал-буржуазиялық тарихнама тұрғысынан қараған И.Н. Берзин Дешті Қыпшақ пен Ирандағы моңғол мемлекеттерінің құлау себептерін түсіне алмады; моңғолдардың мемлекеттік қуат-күшін аттыруды көздеп исламға кіруін ол Иран мен Дешті Қыпшақтағы моңғол мемлекеттерінің құлауына апарып соққан себептерінің бірі деп білді [7, 12 б.].

Бұл деректермелерге жасалған қысқаша шолудан Алтын Орданың қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайына қатысты деректемелердің қаншалықты аз екені көрінеді. Алайда тарихи деректер қаншалықты аз болғанымен, олар бойынша Алтын Орданың қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайын зерделеуге болады.

Алтын Орда - Жошы ұлысының орнына құрылған алғашқы ең ірі мемлекеттердің бірі. Жошы ханның баласы Бату ханның кезінде Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекет болды. Бату хан дәуірінде (1227-1256) Алтын Орда мемлекеті Шыңғысхан құрған қағанаттың орталығы Қарақорымға бағынышты болды. Алайда, 1241 жылы Үгедей қаған қайтыс болғаннан кейін оның ұрпақтары Ширамун, Қотан, Күйіктің арасында таққа талас өрбіп, Үгедей қағанның бәйбішесі Туркаин хатунның араласуымен қағандық мансапқа Күйік қол жеткізді. 1236-1241 жылдар аралығындағы Шығыс Еуропа жорығында осы Күйік Батудың бас қолбасшылығына келіспей, содан екеуінің арасына жік түскен болатын. Күйік әкесі Үгедейдің орнына Ұлы хан болған шақта Бату хан мен екеуінің арасында соғыс болмаса да, өзара бақталастық толастамады. Күйікке бағынбаумен Бату хан Алтын Орданың дербес саясатын жүргізе бастады. Бірақ, көп ұзамай Күйік қаған 1248 жылы қайтыс болды. Оған өзенінің жағасында өткен кезекті жалпы құрылтайда Бату ханның тікелей демеуінің арқасында Төленің ұлы Мөңке ұлы қаған атанады. Осы кезден бастап Бату хан империяда өзін жасы үлкен аға санап, Алтын Ордаға өз атынан билік жүргізді.

Алтын Орданың құрамына Бату әскерлері бағындырып, моңғолдар бір мемлекетке күштеп біріктірген оннан астам халықтар мен тайпалар кірді. Бату құрған кезде біршама әскери қара дүрсін мемлекет болған Алтын Орда XIII-XIV ғасырларда Еуропа, Азия және ішкі Африка елдеріне зор ықпал жасаған ортағасырлық аса ірі мемлекеттердің біріне, өркениет пен мәдениеттің ошағына айналды. Бүкіл моңғолдық құрылтай 1235 жылы өтіп, Батысқа жорық жасауға шешім қабылдаған кезден бастап Батудың есімі тарихи деректерде айтыла бастайды. Батыс елдерін жаулап алып, Алтын Орданың шекарасын батысқа қарай кеңейтіп, күшейе түскен болатын.

1266-1280 жылдары Менгу-Темірдің тұсында Алтын Орда Моңғол империясынан біржолата оқшауланып, тұңғыш рет өз атынан теңге соқтыра бастады. Алтын Орда саяси және экономикалық жағынан Берке (1257-1266 жж.) мен Өзбек (1312-1342 жж.) хандардың кезінде жақсы дамыған. Әсіресе Беркенің кезінде Алтын Орда мен Египет сұлтаны Бейбарыс арасындағы байланыс күшейе түседі.

Алтын Орданың негізі Шыңғыс ханның тірі кезінде-ақ қаланған болатын. «Халықтық әдет-ғұрыпты ұстанған Шыңғыс хан, - деп жазды академик В.В. Бартольд, тірі кезінде ұлдары мен басқадай туыстарына үлес тағайындады. Бірінші болып Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы үлес алды. 1207-1208 жылдары Селенга мен Енесей аралығын және Енисей өңірін мекендеген ориан халықтары бағындырылғаннан кейін бұл өңір Жошыға беріліп, Жошы орманды өңірлерде мекендеген шибр руын және оңтүстіктегі барша халықтарды билейтін болды». Моңғолдардың Хорезмшах мемлекетін бағындырумен аяқталған сәтті жорығынан кейін Жошының иеліктері батысқа қарай «татар аттарының тұяғы жетіп үлгерген» өңірлерге дейін ұлғайды. XVIII ғасырдағы моңғол хроникасында сол жолы Жошы қыпшақтары елін алды, оған және оның жанында болған Қойын Ноянға Сүбедей мен Жебе қолбасшылар енді ғана бағындырған «орыс және шеркес» елдері басқаруға берілді делінеді. Бағындырылғандарға өз өндіріс әдісін таңа алмаған моңғолдар өздері бағындырған елдегі экономикалық жағдайға біртіндеп бейімделе бастады. Қалалар салу, қолөнер өндірісі, егіншілік машықтарын менгеру моңғолдардың жаулап алған елдердегі жоғары өндіріс әдісіне өзінше бір бейімделуі болды. Алайда біз көшпелілердің шаруашылығында егіншіліктің, қолөнердің, сауданың болмашы ғана рөл атқарғанын көрдік. Көшпелі халық бұқарасының тіршілік негізі малшаруашылығы болып қала берді. Моңғолдар, ілуде бір болмаса, көшпелілер қалпында қалып, «натуралды шаруашылық жүргізді, моңғолдарға басқыншылық соғыстардың сәтті болуы нәтижесінде ақша, әртүрлі мәдениетті халықтардың өндіріс өнімдері түсіп, көпестер керуендері келіп жатса да, өсімқорлық сауда капиталы өндірістің жаңа түрлерін қалыптастырған жоқ және натуралды шаруашылықтың негіздерін өзгерте алмады. Бұрынғысынша мал мен аңшылық тіршіліктің басты қайнарлары болып қала береді. Демек, жайылым аумақтары мен аң аулауға қолайлы өңірлер болмаса ешкім тіршілік ете алмайтындай еді» [7].

Алтын Орданың экономикалық құрылысын зерделей келе, біз моңғолдар өздері жаулап алған елдерден қаншалықты жоғары тұрды деген сұраққа жауап бергендей боламыз. Мұндай жаулап алулар К.Маркстың көрсеткеніндей, үш түрлі болады: «Жаулап алған халық

жеңілгендерге өз өндіріс әдісін таңады (мысалы, осы ғасырдағы Ирландиядағы, ішнара Индиядағы ағылшындар); не ол бұрынғысын сол күйінде қалдырып, алым алумен шектеледі (мысалы, түріктер мен римдіктер); немесе өзара ықпал болып, жаңа синтез келіп шығады (ішнара герман жаулап алулары кезіндегідей)» [1]. Бірқатар жағдайларда моңғол басқыншылары өздері жаулап алған елдерде кезіккен қоғамдық-экономикалық құрылысқа бейімделуге мәжбүр болды; өздері жаулап алған кейбір халықтардың тұрмысын, тілін қабылдай бастады.

Көшпелі ұлыстар мал шаруашылығымен айналысқандықтан басқа да елдер секілді жайылымыды жерлерге мұқтаж болды. Көптеген жаңа жерлерді игеру, мал өсіруші халық үшін тиімді болды. Көшпелі ұлыстың халқы Ертістен Дунайға дейінгі көшіп-қонып жүруге жайлы жерлердің бәрін меншіктенушілер болып саналды. Бірте-бірте көшпелі ұлыс бағындырылған елдердің экономикалық жағдайына бейімделе бастады. Егіншілік, қолөнер өндірісі, қалалар салу Алтын Орданың экономикалық дамуына оң әсерін тигізді. XIV ғасырдың өзінде Алтын Орданың өндіргіш күштері біраз өсіп, халқы одан әрі көбейді. Сарай-Берке, Хажы-тархан, Сарайшық қалаларының халықаралық сауда байланысында орны мен рөлі болды. Тауар-ақша қатынасы жолға қойлып, керуен тартқан саударгерлерге Алтын Орда хандарының атынан арнайы мандат берілді. Соған сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті де жақсарды.

XIV ғасырдың 20-40 жылдары Өзбек және Жәнібек хандардың билігі кезінде Алтын Орданың саяси жағдайы жақсарып, экономикалық дамуының шырқау шегіне жетті. Қара Теңіз бен Еділ, Жайық, Кама өзендерінің жағасындағы қалаларда әлемнің барлық елдерімен қызу сауда-саттық байланыстары жолға қойылды. Сол замандағы мықты мемлекет болып саналған Алтын Орда өзгермей қалған жоқ, мұсылмандық Шығыстан көп нәрсе: қолөнер, сәулет өнерін, моншаны, өрнекті безендіру, парсы өлеңдерін, араб геометриясы мен астрологиясын үйренді. Алтын Орда белгілі-бір мұсылмандық-жерортатеңіздік сипатқа ие болды. Византия империясы, Осман түріктері, Египет елдерімен тығыз саяси-экономикалық байланыстар жасай бастады.

Алтын Орда өзінің өмір сүруі кезінде орталықтанған біртұтас мемлекет болған жоқ. Жошы ұрпақтарының жартылай тәуелді ханзадалары, моңғол княздар басқарған жеке-жеке ұлыстарға жіктелген бұл мемлекетте оның құрылған кезінен бастап феодалдық талас-тартыстар себепті, сондай-ақ қатігез билікке төзгісі келмеген бағындырылған халықтардың қозғалыстары негізінде орталықтан қашықтау және ыдырау элементтері болды. Экономикалық және саяси жағынан күшейген билеуші ақсүйектер жергілікті жерлерде хан өкіметімен күресе бастап, тәуелсіздік алуға тырысты. Осының салдарынан мемлекетте 1357 жылы Тыныбек хан өлтірілгеннен кейін билік үшін талас-тартыс басталып, 1359-1379 жылдар аралығында өзара соғыстарға әкеліп соқты. Ұзаққа созылған саяси дағдарыстың нәтижесінде Ұлық Ұлыс – Алтын Орда XIV ғасырдың соңғы ширегінде Көк Орда, Қажы-Черкес Ордасы, Мамай Ордасы, Хорезм т.б. бірқатар дербес иеліктерге бөлініп кетті.

1380-1395 жылдары Тоқтамыс хан билік құрған жылдары Алтын Орданың бұрынғы аумағында біршама тұрақтылық болды. Бірақ бұл уақытша тыныштық және өткінші фактор саналады. Себебі, Алтын Орданың саяси билігінде тұрақсыздықтың белгілері байқалды. 1391 жыл мен 1395 жылдардағы Әмір-Темірдің екі жорығы Алтын Орданың мемлекеттік қуатын күйретіп, оның ыдырауын жеделдетті. Бұл соғыста халық бұқарасының сенімінен айырылған Тоқтамыс хан елді жаудың басқыншылығынан қорғауға шамасы келмей жеңілді. Осы ауыр жеңілістердің салдарынан мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен халықаралық саясаттағы беделіне зор нұсқан келді. Орталық биліктің әлсіруінен бұрын бағынышты болып келген халықтар Алтын Ордан бөлініп, жаңа дербес иеліктер құра бастады. Маңғыт жұртының басшысы Едігенің бөлініп кетуі арқылы басқа да бірлестіктер құрылып, дербес мемлекеттер болып ыдырады.

XV ғасырдың 20-жылдарында Алтын Ордан Көк Орда бөлініп, Сібір, Қазақ, Өзбек, Қазан, Қырым және Астрахан хандықтары секілді жаңа мемлекеттік бірлестіктердің құрылу процесі жүріп жатты. Олар бөлініп шыққаннан кейін Алтын Орданың қалдықтарынан Еділ мен Дон өзендері арасында Үлкен Орда қалыптасып, Ұлық Ұлыстың мұрагері болуға талпынды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
2. Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін: Мақалалар. Аударып, құрастырғын - Н. Қазыбеқұлы. – Алматы: Білім, 2010. – 184 б.
3. Саблуков Г.С. Очерк внутреннего состояния Кыпчакского царства. – Казань: 1895. –С. 42.
4. Березин И.Н. Внутреннее устройство Золотой Орды //Журнал Министерства Народного Просвещения за 1850 г. № 10-12.

5. Бартольд В.В. Сочинения. В 9-ти томах. Т. II. Березин, как историк. Записки коллегии востоковедов. – Москва: Издательство Наука, 1977. – 966 с.

6. Березин И.Н. Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева //Труды восточного отделения русск. арх. общества. Т. VIII. СПб., 1863. – С. 96.

7. Сафарғалиев М.Г. Алтын Орданың ыдырауы. Алматы, 2014. – 326 б.

**Кусайнова И.А.** Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Ю-18-1к тобының студенті

*(Ғылыми жетекші - магистр, аға оқытушы Бажикеев Қ.)*

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТЕ «САРЫАРҚА» ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЖЫРҒА ҚОСЫЛУЫ**

Қазақ хандығы кезеңіндегі әдебиетте Сарыарқа тақырыбы кең байтақ жерімізге көзін тіккен жауларынан ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қасиетті құт мекен ретінде жырланса, зар заман поэзиясындағы «Сарыарқа» ұғымы - өкініш пен күйзеліс, ұлт тағдырын ойлап, дабыл қағып, ыңғайында көрініс береді. Кеңес дәуіріндегі әдебиетте астықты, ырысты өлке ретінде заман тынысына сай жырға қосылса, қазақ елі азат ел атанып, тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінде Сарыарқа тақырыбының жырлануы жаңаша сипат алды. Ендігі жерде қазақ ақындары ешкімнен, ештеңеден қымсынбастан, зор мақтанышпен, шалқар шабытпен, терең тебіреніспен Сарыарқа даласын өлеңмен өрнектеді. Сарыарқа жерінің сұлу, көркем табиғаты, оның әрбір мезгілі, түрлі аймақ-мекендері сондай-ақ басынан өткерген ауыр тағдыры Ғ.Жайлыбай, Ж.Ерман, К.Салықов, Д.Стамбеков, А.Бөкен, Т.Медетбек, Ж.Қашқынов, Ж.Сомжүрек, Ш.Сариев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, С.Тұрғынбекұлы, М.Райымбекұлы, Н.Айтұлы т.б. қазақ ақындарының өлең-жырларында Сарыарқа түрліше жыр арқауына негіз болды.

Ақын Дәуітәлі Стамбеков өзінің «Қазақстан картасы» өлеңінде:

Бір қызарып, сарғайып жон арқасы,

Абайымның ай жүзді қаламқасы,

Ғашық етіп талайды ғұмыр кешкен,

Сағыныштан сарғайған Сарыарқасы, - деп ән-жырымен жанданған жанат даласының жап-жасыл бояулармен еліміздің картасына қонақтаған кең жазирасын, қасқабас адамның шашындай селдіреген ормандарын, толқындары жартасты ұрған теңіздерін жырға қосады [1, 106]. Өзінің «Отты жер» атты өлеңінде ақын « Сарыарқаның төсінде, отты белде Әлихан мен Әлімхан, Жақып туған» қасиетті мекенді шабыттана жырлайды.

Өтіріктен өтірік мақтамаймын,

Көрген бұл жер ғажайып бақ-талайдың,

Қарқаралы жалғасқан Қызыларай

Сыр бар және жерінде Ақтоғайдың.

Армандары ойланған орман ба едің?

Ақырындап ішіне алған демін,

Ұлдарының бойына от беріпті

Алау болып, нұр болып жанған жерім,- дейді ақын [1, 133]. Ары қарай елі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, қазағы үшін қанатымен су сепкен қарлығаштай шырылдаған ел серкелерін жырына арқау етеді:

Сарыарқаның жонында

Отты дала,

Алаулары тау-тасқа соқтыға ма?

Қазағым деп өртеніп,

Жалындаған

Көзіндегі солардың шоқты, қара! [1, 133].

Қазақтың қайсар рухы мен жанылмаған жігері бар осы өлеңде. Ақын туған жерден нәр алады, туған жерінің топырағына табынады.

Өзінің «Ақтоғай жайлы аңыз», «Тораңғы тоғайы», «Қызыларай тауы», «Тоқырауын» т.б. жырларында Дәуітәлі Стамбеков өзі туып-өскен өңірдің табиғаты мен тылсым аңызын, Балқаш жағалауында сыңсып ән салатын тораңғы тоғайын да ақын сиқырлы сезіммен мөлдірете жырлайды. Бұл өлеңдерінен байқағанымыздай, Дәуітәлі Стамбеков өз елін, жерін жанындай